



КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАҒДАРЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстан Республикасының Конституциясы–мемлекеттің құқықтық бағдары» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Симпозиум жұмысына ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, ҚР Тұңғыш Президенті–Елбасы қорының атқарушы директорының орынбасары – Игорь Рогов, ҚазҰУ-дың заң факультетінің жетекші ғалым-заңгерлері, магистранттары мен докторанттары қатысты.



ТӘЖІКСТАН ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тәжік тілі мен мәдениеті орталығының ресми ашылуы өткізілді. Оның тұсаукесерін ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің ирантану орталығы мен Алматы қаласындағы Тәжікстан Республикасының Бас консулдығы ұйымдастырды.

Орталықтың ресми ашылу рәсіміне Алматы қаласындағы Тәжікстан Республикасының Бас консулы Баходур Назир, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры Тілекқабил Рамазанов, Біріккен Ұлттар Ұйымы ақпарат департаментінің басшысы Властемил Самек, Ресей Федерациясының Қазақстандағы бас консулы Евгений Бобров, Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Бас консулы Аброр Фатхуллаев, оқытушылар, студенттер және қонақтар қатысты.

Жалғасы 3-бетте

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Кезекті ректорат мәжілісі 2019-2020 оқу жылына арналған индикативті жоспардың көрсеткіштерін талқылаудан басталды.

Мінбеге шыққан стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Салауатқызы индикативтік көрсеткіштердің жаңартылған нұсқасы және оның биылғы жылғы көрсеткіштері мен факультеттерде индикативтік жоспарды орындау барысында орын алған негізгі мәселелерге тоқталды. Оның айтуынша, биылғы жылғы жоспарда бірқатар өзгерістер орын алған, оның ішінде оқу-әдістемелік жұмыс, халықаралық ғылыми және білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттары бойынша кейбір тараулар біріктірілген дейді. Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен оқыту сапасын бақылау мақсатында барлық сабақтардың жоспарланған кестеге сай өтуіне назар аударған директор ағылшын тілінде оқытылатын пәндер саны және басқа бағыттардың пайыздық көрсеткіштерін атап өтті. Сондай-ақ ол QS WUR-дегі көрсеткіштердің мониторингі, оның жыл сайынғы QS Emerging Europe және Central Asia рейтингі университеттердің онлайн қатысуын және PhD деңгейінде білікті қызметкерлердің үлесін қоса алғанда, сегіз түрлі көрсеткіш бойынша университеттерді бағалау арқылы жасалатынын айтты.

Жалғасы 2-бетте

Өз тілшімізден

Кездесуде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясындағы конституциялық заңнаманы дамытудың өзекті мәселелері талқыланды. ҚР Конституциялық Кеңесінің мүшесі Виктор Малиновский және заң факультетінің деканы Дәулет Байдельдинов еліміздің негізгі заңын жүзеге асыру ерекшелігі, ҚР азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және кепілдендіру тетіктері туралы баяндама жасады.

Қазақстан Конституциясы қоғам мен мемлекеттің дамуының негізгі бағыттарын анықтайды. Осы жылдар ішінде елдегі конституциялық нормалар өзінің тиімділігін көрсетіп, терең экономикалық және саяси қайта құрулардың бағдары болды.

Конституцияның әлеуеті мемлекеттік эволюциясының жаңа кезеңінде және елдің одан әрі дамуына тиімді қызмет етуге қабілетті.

«Бүгін біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр. Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құқықтық саладағы бірқатар басымдықтарды атап өтті. Бұл – құқық қорғау жүйесін жетілдіру, сот тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету, әкімшілік әділет енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл. Бұл мәселелердің барлығы азаматтардың конституциялық

құқықтарының кепілдігін қозғайды. Қазір бізден жұмыс жасап жатқан құқықтық институттарды түсінудің заманауи тәсілдері талап етілуде. Мемлекеттік-құқықтық саясатты жүзеге асыру процесінде күш-жігерді біріктіруді қолға алу аса өзекті болып отыр. Біздің ортақ міндетіміз Конституцияның құқық қорғау тетігін нығайту, заңдылық режимінен ауытқуға жол бермеуге және адамның бұзылған құқықтарын тиімді қалпына келтіруге мүмкіндік беретін оның жай-күйіне қол жеткізу болып табылады. Біздің барлық күш-жігеріміз жоғары заң күшін және негізгі заңның тікелей қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Конституциялық сана-сезімді дамыту қажет», – деп атап өтті Қайрат Мәми құттықтау сөзінде.

ҚР Конституциялық Кеңесі қазірдің өзінде азаматтардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеу бойынша мақсатты жүйелі жұмыстар жүргізуде. Конференция аясында «Қазақстан Республикасы – конституционализмді бекіту хроникасы» электрондық оқулығының тұсаукесері өтті, оның авторлары Қайрат Мәми, Игорь Рогов және Виктор Малиновский болды. Спикерлер атап өткендей, ғылыми-заң қоғамдастығынан конституциялық құндылықтардың мазмұнын толыққанды түсінуге мүмкіндік беретін жаңа оқу құралдарының санын арттыру талап етіледі.



РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жиын аясында стратегиялық даму орталығының директоры Г. Минжаева ғылыми-инновациялық қызмет және әлеуметтік даму жөніндегі индикативтік жоспардың бағыттары мен тарауы бойынша әр факультет рейтингісін көрсетіп, факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне пайызы төмен бағыттарға баса мән беруді тапсырды.

Кезекте мінбеге шыққан ғылым және жарияланым белсенділігі басқармасының басшысы Қадіржан Есенғалиұлы 2020 жылы университетте өтетін халықаралық форумдар туралы баяндама жасады. Ол 2020 жылы еліміз ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын атап өтетінін айтып, мерейтойды дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы тиісті Жарлыққа ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойғандығын баса айтты.

«Осы ретте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы республикалық жоспар шеңберінде келесі іс-шаралардың жауапты орындаушысы болып табылады. Олар: 2020 жылдың мамыр айында Нұр-Сұлтан қаласында «Әл-Фараби және әлемдік өркениет» халықаралық ғылыми симпозиумын өткізу; жыл бойы Science Talks сериясын ұйымдастыру; ҚазҰУ базасында TEDx Talks және әл-Фараби



мұрасы тақырыбы бойынша «Kazakh Speaker» халықаралық конкурсын ұйымдастыру ұлы ғалымның есімін иеленген университетке жүктеліп отыр. Жалпы республикалық жоспар шеңберіндегі мерейтойлық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөнінде ҚазҰУ-дың ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департаменті ҚР БҒМ Бюджеттік өтінімді келісу, тиісті іс-шаралардың жоспарын әзірлеу, философия және саясаттану және басқа да факультеттерге «Әл-Фараби және әлемдік өркениет» халықаралық ғылыми симпозиумында баяндама жасайтын шетелдік және отандық

Фарабитанушы ғалымдарының тізімін ұсыну сынды негізгі міндеттер тұр», – деген басқарма басшысы университет ұжымын ұлы ойшылдың мерейтойын жоғары деңгейде өткізуге белсенді атсалысуға шақырды. Сондай-ақ мәжіліс барысында физика-математика ғылымдарының кандидаты, дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының доценті міндетін атқарушы Гүлнар Ділдабек қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсынылып, жиында өзге де өзекті мәселелер талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ОТ Е-ПРАВИТЕЛЬСТВА К G-ПРАВИТЕЛЬСТВУ

На базе КазНУ им. аль-Фараби прошла 5-я Международная конференция Евразийской инициативы по инфраструктуре пространственных данных «От Е-правительства к G-правительству».

В работе конференции приняли участие представители Южной Кореи, Китая, России, Беларуси, Кыргызстана, Таджикистана, Узбекистана, Казахстана, а также представители профильных министерств, государственных органов и организаций РК.

На конференции эксперты рассказали о развитии инфраструктур пространственных данных в Кореи, Китае, Кыргызстане, Узбекистане, поделились опытом развития кадастра и регистрации недвижимости в Беларуси.

Казахстанские компании и университеты продемонстрировали успешно реализованные региональные гео-порталы, рассказали об опыте применения



беспилотных летательных аппаратов в сфере картографии и геодезии, продемонстрировали 3D-съемки высокого качества.

По окончании конференции была принята резолюция, где были отражены актуальные вопросы, касающиеся ГИС, геодезии, цифровой картографии, использования БПЛА и систем мобильного сканирования, при создании цифровых двойников городов Казахстана, разработки современных стандартов и требований в области цифровой картографии, обмена опытом с международными GIS-экспертами и мн. др.

По решению участников конференции следующая 6-ая международная конференция по созданию Евразийской инфраструктуры пространственных данных пройдет в Республике Беларусь.

Х. КАСЫМКАНОВА,
зав.кафедрой картографии и геоинформатики

QYSQA-NUSQA

Na fakultete vostokovedenia sostoiolos torjestvennoe otkrytie Sentra tadzhikskogo iazyka i kultury.

Organizatorami vystypili fakultet vostokovedenia KazNУ i Genkonsylstvo Respybliki Tadjikistan v Almaty. Na ofisialnom otkrytii Sentra prisytstvovali Genkonsyl Tadjikistana Bahodyr Nazir, prorektor po nauchno-innovacionnoi deiatelnosti KazNУ Tlekkabyl Ramazanov, direktor departamenta informasii OON Vlastimil Samek, Genkonsylы Rossii v Kazahstane Evgeni Bobrov i Yzbekistana Abror Fathyllaev, prepodavatel i stydenty.

Stydenty iranistiki fakulteta vostokovedenia deklamirovali stihii poetov-klassikov Rydaki, Ferdoyisi, Moylavi, Omar Hanama, Saadi, Hafeza na persidskom iazyke, takje predstavili vnimaniy gostei prazdnichnyi konsert hydojestvennoi samodeiatelnosti.

Organizatorami meropriatia v chest torjestvennogo otkrytia byli prezentovany knigi tadjikskoi literatury, portrety srednevekovyh persidsko-tadjikskih poetov-klassikov, kotorye ykrasili interer Sentra.

Kazahski i tadjikski narody proiavlyali interes k dyhovnomy naslediy dryg dryga izdavna. Otkrytie Sentra bydet sposobstvovat razvitiy kazahstanskogo tadjikovedeniya kak sostavnoii chasti iranistiki, i izychenie bogatoi istorii i samobytnoi kultury etoi strany znachitelno obogatit kazahstanskoe vostokovedenie.

Registrasii na ychebnyy disyplin - prosedyra zapisi obycharyshhsa na ychebnye disyplin predstoiashego akademicheskogo perioda/goda.

Registrasii disyplin - eto proses, kotoryi provoditsya v KazNУ im. al-Farabi s 2012 goda. Ychashesa 1, 2 i 3 kyrsov vseh obrazovatelnyh programm bakalavriata nezavisimo ot iazyka obychniya vybiraiyt i registriuyt v sisteme «Univer» (http://univer.kaznu.kz) disypliny i profesorsko-prepodavatel'ski sostav na osenni i vesenni semestr 2019-2020 ychebnogo goda soglasno osnovnogo plana pri postypelenii.

Dla registrasii stydentov dekanom fakulteta KazNУ zaranee ytvjerdaetsya grafik registrasii disyplin vo izbejanie fors-majornyh obstoiatelstv v vide nehvatki komputernogo osnasheniya ili sboia programmy pri massovoi registrasii stydentov. Ofis-registratorom soglasno zaranee ytvjrdennomy grafiky registrasii disyplin otkryvaetsa dostyp k besprepatstvennoi rabote stydentov v sisteme «Univer». V svobodnoe ot zanati vremya stydentam KazNУ vydelaitsya komputernye klassy na fakultete dla togo, chtoby oni mogli svobodno vybrat disypliny, kotoraia im interesna, a takje v dalneishem povysit yroven potentsiala pri tvdoystroistve na raboty, postypelenii v magistratury, doktorantury i razrabotke nauchno-issledovatel'skih proektov soglasno vybranного napravleniya.

Analiziruya sam proses registrasii disyplin obycharyshhsia KazNУ, nyjno otmetit kluchevyy rol kyrtora-edvaizera stydencheskoi gryppy, ved imenno on iavljetsa nastavnikom, okazyvaiyshim sodeistvie v vybore traektorii elektivnyh disyplin. Dalee, posle svoevremennoi registrasii disyplin ychebnym otdelom provoditsya tshatelnyi monitorii i proses podhodit k zakluchitelnomy etapы raspredeleniya pedagogicheskoi nagrzyzki PPS. Vyivlavlja «yzyke mesta» i sovershenstvya pedagogicheskyy metrologiy, neobhodimo povyshat effektivnost reitnivoi sistemy, kotoraia, bezyslovno, doljna stat ne tolko sredstvom kontrola za znaniami, no i sredstvom ypravleniya professionalno-lichnostnym razvitiem stydentov.

«Qazaq ыniversiteti» baspasыnda al-Farabi atyndaгы QazUY-dыn filofosfia gylymdarynyy doktory, profesor Jaqypbek Altaevtyy redaksiyasymen Shygystyы uly oishylynyy 1150 jylдыgyna arналgan «Farabitanу» oqy quraly jaryqqa shyqty.

Kitapta alemdik orkeniettiy kornekti oishylynyy filofosfiyalyq murasыndaгы terey omirlik danalyqty, gymanizm men ensiklopidiyalyq gylymi bilimdi qarastyrady.

Bul enbekte Al-Farabidiy duniatanymyn qalyptastyrgan tarihi jagdai, ol otandyq filofosfiyalyq gylymi oiga gana emes, musulman janye eyropalyq orkenietke qandai ыles qosqany tyraly egjei-tegejeli atylady.

Oqy quraly bakalavrlarга, magistranttar men PhD doktoranttarга, sonдай-aq al-Farabidiy filofosfiyalyq murasyna qyzygyshylyq tanytqan oqyrmandar men galymdarга arналgan.



ТӘЖІКСТАН ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Тәжік тілі мен мәдениеті орталығы Алматы қаласындағы Тәжікстан Республикасының Бас консулдығы тарапынан қамтамасыз етілді. Олар Орталыққа тәжік әдебиетінің кітаптары, орта ғасырлардағы парсы-тәжік әдебиеті классик-ақындарының портреттерін сыйға тартты.

Іс-шарада шығыстану факультеті ирантану бөлімінің студенттері парсы-тәжік классик-ақындары Рудаки, Фердоуси, Моулави, Омар Хайям, Саади, Хафез өлеңдерін оқыды және кеш соңы студенттердің шағын концертіне ұласты.

Қазақстан-Тәжік байланыстарының тамыры тереңнен басталады. Екі ел арасындағы бейбітшілік пен достық

қарым-қатынастары жақсы дамыған. Мұның арқасында қазақ және тәжік халықтары ертеден-ақ бір-бірінің рухани мұрасы мен мәдениетіне қызығушылық танытып отырған. Тәжік орталығының ашылуы ирантанудың құрамдас бөлігі ретінде қазақстандық тәжіктанудың дамуына әсерін тигізеді. Тәжіктер Шығыстың ежелгі халықтарының бірі болып табылады және олардың тамаша тілін, бай тарихы мен өзіндік мәдениетін оқып-зерттеу қазақстандық шығыстану саласына айтарлықтай үлес қосады.

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы

Алматыдағы БҰҰ ғимаратында Халықаралық ақпаратқа жалпыға қолжетімділік күніне арналған «Ақпаратқа қол жетімділік: академиялық ықпалды күшейту» I Орталықазиялық журналистика семинары өтті.

АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

ЮНЕСКО 2015 жылғы 17 қарашадағы шешіміне байланысты (38С/70) 28 қыркүйек Халықаралық ақпаратқа жалпыға қол жетімділік күні болып жарияланды. Бұл Халықаралық күн қоғамның ақпаратқа қол жетімділігі мен арнайы бостандықтарды қорғауды талап ететін 2030 тұрақты даму тәртібін, атап айтқанда, 16.10 Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда ерекше маңызға ие.

Орталық Азиядағы тұрақты даму саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін ақпаратқа қол жетімділіктің маңыздылығына назар аударуға арналған шараға Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және басқа да Орталық Азия мемлекеттерінен келген ғалымдар мен университет студенттері

қатысты. Семинар БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы ақпараттық бюросы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлесе ұйымдастырды. Жиынға жиналғандар халықтың ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету, тұрақты даму мақсаттары үшін журналистік білім беру, ақпаратқа қол жетімділік, Орта Азия елдерінің заңдарына шолу секілді негізгі бағыттарды қамтыды. Сонымен қатар шараға арнайы шақырылған Сидней университетінің БАҚ және коммуникациялар департаментінің қызметкері, австралиялық ғалым Беате Джозефи болашақ журналистердің алдында дәріс оқып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА, профессор



Жаңа білім беру технологиялары институты «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» тақырыбына арналған екі тілде тегін жаңа онлайн курстарын ашады.

БІРГЕ ҮЙРЕНЕЙІК!

Курстар екі деңгейден тұрады. Бірінші деңгейі жаңа технологиялардың негіздерін білгісі келетіндерге арналған. Курс барысында тыңдаушылар файлдармен, электронды пошталармен жұмыс жасаудың негізгі дағдыларын игеріп, компьютерлік қауіпсіздік негіздерін және интернетте жұмыс істеу қағидаларын меңгереді.

Екінші деңгейі - академиялық. Бұл 1 және 2 курс студенттері үшін үлкен көмек, өйткені «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» курстарының мазмұны «Information and Communication Technologies» пәнінің бағдарламасымен толығымен сәйкес келеді. Курстарды өткеннен кейін сессия кезіндегі емтиханға студенттер толық дайын болады.

Дәріскерлер - информатика кафедрасының оқытушылары Мөлдір Тоқтасынқызы Накибаева және Петр Александрович Нестеренков. Петр Александрович - Start-up жобаларының халықаралық байқауларының жеңімпазы, Astana EXPO-2017 халықаралық көрмесінің қатысушысы. Мөлдір Тоқтасынқызы - жаратылыстану ғылымдарының магистрі, халықаралық сертификаттардың иегері. Курс барысында туындаған сұрақтарды «Талқылау» қосымшасы арқылы жіберуге болады.

ДРУЖЕСТВЕННЫЙ ВИЗИТ

Среди участников Всемирной конференции и выставки QS World Wide «К совершенству на основе гармоний человеческого наследия и высоких технологий», организованных КазНУ совместно с международным рейтинговым агентством QS, были университеты Исламской Республики Иран.



В работе саммита приняли участие ректор университета Гиляна (Иран) доктор Ахмад Рази и ректор университета Аламе Табатабаи (Иран) доктор Хосейн Салими. По окончании работы форума гости посетили факультет востоковедения КазНУ, который готовит специалистов иранистики. Ректоры иранских университетов встретились с деканом факультета Ыхтияром Палтәре, заведующим кафедрой Ближнего Востока и Южной Азии П. Сулейменовым и преподавателями отделения иранистики. Во время встречи коллеги обсудили широкий круг вопросов в сфере науки и образования, также рассмотрели будущие взаимовыгодные партнерские проекты.

В частности, ректор университета Гиляна выразил готовность принять студентов отделения иранистики КазНУ на двухнедельные языковые курсы. Он также предложил запустить программу обмена преподавателями.

Следует отметить, что в ходе Всемирной конференции между Казахским национальным университетом имени аль-Фараби и университетом Гиляна (Иран) был подписан меморандум о взаимном сотрудничестве.

Роза ШУПАНОВА,
кафедра Ближнего Востока и Южной Азии



Президенттің Жолдауын тыңдау барысында менің есіме бірден түркі ғұламасы, әлемге әйгілі энциклопедист ғалым, терең ойлы философ Әбу Насыр әл-Фарабидің ізгілік қаласы туралы ілімі түсті. Қоғамның ол ұсынған үлгісі – адамдардың бақытқа жетуін көздейтін, ізгі басшының басқаруымен, бірлесе, бір-біріне көмектесе отырып, ізгі істер жасауға ұмтылатын қоғам.



Әлемдегі басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да түпкі мақсаты – осындай қоғам құру. Оған жетудің жолдарын көрсететін негізгі бағдарламалардың бірі деп қарастыруға болатын Жолдау жүзеге асырылуы тиіс шаралардың нақтылығымен, қоғамымызда орын алып отырған кемшіліктердің сыни түрде ашық айтылуымен және оларды түзету бағыттарының айқын көрсетілуімен ерекшеленеді.

Кез келген қоғамның өркендеуіне айқындаушы әсер ететін – білім мен ғылым екені сөзсіз. Сондықтан жолдауда бұл салаларда қордаланған мәселелерге баса назар аударылған. Университеттер кезінде Еуропада білім мен ғылым ошағы ретінде қалыптасқаны белгілі. Қазіргі университет жоғары білім берудің осы классикалық үлгісіне сай болуы тиіс

және бұл – заман талабы. Университет қабырғасында бұрынғыша білім берумен ғана шектелуге болмайды, ғылым мен техниканың барлық саласы бойынша ізденістер жүргізу, оның жетістіктерін оқу үдерісіне енгізу, сол арқылы жастарды

ЖАСТАРДЫ ҒЫЛЫМҒА БАУЛУ – ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

ғылымға баулу өте маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жетістіктері қомақты және оларәлемдік деңгейде мойындалып отыр. Университеттердің QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде ҚазҰУ соңғы бес жылда 400 сатыға көтеріліп, биыл 207 орынға ие болды. «QS Worldwide 2019» Симпозиумы мен SUN Ассамблеясының ҚазҰУ-да өткені университеттің әлемдік деңгейдегі жетістіктерінің тағы бір дәлелі болды.

Жолдауда елімізде әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Абайдың 175 жылдығы туралы, оларды атап өтуде даңғазалыққа бой ұрмау, керісінше, ойшылдарымыздың ілімдерін халықтың арасында кеңінен насихаттау мәселесі де айтылды. Оның да оң тәжірибесі ҚазҰУ-да бар. Университет қазақ топырағынан шыққан дана философ әл-Фарабидің ілімінің Ренессансын жүзеге асырды десек, артық айтқандық болмайды. Оның ізгілік қаласы туралы ілімінің

негізінде «Al-Farabi university smart city» жобасы табысты жұмыс істеуде, «Әл-Фараби және қазіргі заман» пәні барлық факультеттердің оқу бағдарламаларына енгізілді, оның көптеген еңбектері қайта басылып шықты және әл-Фараби философиясы бакалаврлардың, магистранттар мен докторанттардың ғылыми ізденістеріне арқау болып отыр. Университет жыл сайын әлемдік деңгейде Фараби Форум өткізіп келеді.

Әрине, еліміздегі ғылымның, білім берудің сапасы туралы Жолдауда айтылған сыни тұжырымдар бәрімізге ой салғаны сөзсіз. Бұл бағыттар бойынша жақсы істердің жақсы нәтижелері бар екендігі бізді үміттендіреді және жаңа биіктерге жетелейді.

Гүлжиһан НҰРЫШЕВА,
ф. ф. д., профессор,
философия кафедрасының
меңгерушісі

БІЛІМ САЛАСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР ЖҮЙЕСІНДЕ

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамында әлеуметтік мәселелердің бірқатар бағыттары көрініс тапты. Әсіресе көпбалалы аналар, балалар мен жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың артуы, жастар арасындағы жұмыссыздық, өзін-өзі өлтіру мәселелері экономикалық дамуды модернизациялау, цифрлық экономикаға көшумен қатар әлеуметтік саясат саласында да сындарлы өзгерістерді қажет етеді.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағы алғашқы Жолдауын ерекше қызығушылықпен оқып шықтық. Ол еліміздің алдағы кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын негізгі бағдарламалық құжатты бойлық табылады. Бұл Жолдауда қойылған міндеттер біздің ұжымның болашақ қызметіне де тікелей қатысты.

Жолдаудың «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» бөлімінде білім беру сапасын арттыру және еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесін әзірлеу, мамандарды даярлаудың отандық жүйесін жетілдіру, оқушылардың қабілеттерін анықтауға

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУҒА КҮШ САЛАМЫЗ

негізделген кәсіптік бағдар беру саясатына көшу сияқты басымдықтарға ерекше көңіл бөлінді. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізін құрауы керек. Техникалық мамандарды сапалы даярлауды кеңейту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы орта білім сапасындағы алшақтықты азайту, ауылдық жерлерде білікті мұғалімдердің жетіспеуін азайту, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейту, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыру және осы бағдарламаны қаржыландыруды 20 млрд теңгеге дейін арттыру керек екенін айтты. Дарынды ауыл жастарын іріктеу және оны отандық және шетелдік университеттерде оқуға дайындау, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан дарынды балаларды қолдау бойынша Жол картасын әзірлеу қажеттілігі атап көрсетілді.

Президент сонымен бірге жоғары білім беру мен мектеп оқулықтарының сапасы, ғылымның тиімділігін арттыру, ЖОО түлектерінің көпшілік бөлігінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды. Оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету тиісті министрліктің тікелей міндеті екені атап көрсетілді. Егер біз мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартпасақ, бұл шаралар нәтиже бермейді. Алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің жалақысын екі есеге арттыру жоспарлануда. Бұл келесі жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға өседі деген сөз. Ұлттың әлемдік деңгейге ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру және оны практикада қолдану қажет екені айтылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі іргелі, көшбасшы

жоғарғы оқу орны және халықаралық жоғарғы рейтинг иесі ретінде жоғары білім мен оқулықтардың сапасын жаңартуға, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға мүдделі. Университеттің Тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы Жолдаудың ғылыми зерттеулердің одан әрі дамуына және оларды практикада қолдану аясының кеңеюіне маңызды көңіл аударып отырғанын қуана қабылдады. Біз өз ұжымымызда білім беру сапасын арттыруға барынша күш саламыз.

Сондай-ақ мемлекет басшысы алдағы жылдағы аталып өтетін тарихи маңызды мерейтойлар мен елеулі оқиғаларға алдын-ала дайындық жұмыстарын бастау қажеттігін атап көрсетті. Яғни, әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық, еліміздің тарихындағы ең маңызды мерекеге – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты тиісті іс-шараларды іске асыруымыз қажет. Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызғы, мәдениетіміз бен табиғатымызға шет елдік туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн екендігіне назар аударды. Ел өмірі мен тарихындағы осындай елеулі оқиғалардың жастарды патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі маңызы орасан зор. Сонымен қатар, еліміздегі этностық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай отырып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейтіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру мәселесіне тоқталды. Біз бұл саясат пен ұстанымды барынша қолдаймыз және мәселенің дәл осылайша қойылуына дән ризамыз!

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы кафедрасының
оқытушысы

М.С. САДЫРОВА,
социология ғылымдарының докторы,
профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінде фотограф Сайлау Пернебаевтың 80 жылдығына орай «Қас қағым сәт...» атты фотокөрменің ашылуы өтті.

Фотокөрме, қазақстандық фото-журналистика негізін қалаушылардың бірі Сайлау Пернебаевтың шығармашылық мұрасымен таныстыру мақсатында, фото-журналистің 80 жылдығына арналды. Көрмеде туындыгердің таңдаулы фотосуреттері жұртшылық назарына ұсынылды. Айтулы шараға журналистика факультетінің деканы әрі ұстаз Сағатбек Медеубекұлы бастаған баспагер, ақын, қоғам құрметтілерінің шоғыры қатысып, естелік әңгіме, жылы лебіздерімен бөлісті. Сонымен қатар шараға Сайлау Пернебаевтың жақындары, отбасы мүшелері қатысты.

Әке мұрасын жинақтаушы, Сайлау Пернебаевтың қызы Айнұр Сайлауқызы сөз сөйлеп, ойларымен бөлісті. «Әкеміз осынау өнердегі жолын 65-ші жылы бастаған. Әкеміз 14-жастан шахтыда жұмыс істеген. Сол жерге Ленинградтан тілшілер келген. Ал әкем әуесқой суреттерді түсіріп жүрген еді. Сол кезде әкем өзінің зеректігімен, қағылезділігімен көзге түседі. Айта кететін жайт тәуелсіздік тұсында Елбасы инаугурациясын түсіруге алғаш рұқсат құжатын алған фотокорреспондент Сайлау Пернебаев. Мемлекеттік маңызы бар сәттердің басында өзі жүріп, бүгінгі таңда тарихи жәдігерге айналған суреттерді дүниеге әкелген», – деді.

ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ...



Сондай-ақ «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайымұлы бүгінгі датаға орайластырып, «Ақ пен қара» атты фото жинақтың алғашқы басылымдық нұсқасын көпшілік қауымға таныстырды. Жинақ Сайлау Пернебаевтың фотосурет қорындағы үздік туындыларынан құралған.

Сайлау Пернебаев Қазақстан журналис-

тер одағының және Республикалық комитетінің сыйлығымен бірнеше мәрте марапатталды. Ғұмырының 40 жылдан астамын осы салаға арнады. Қазақстан фотожурналистикасының қалыптасуына өз үлесін қосты.

Назым СӘМЕТ,
журналистика факультетінің
4-курс студенті



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина және денсаулық факультетінің жоғары медицина мектебі, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-мен бірлесе отырып ҚазҰУ аумағында орналасқан «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында тұңғыш рет «Дүниежүзілік жүрек күнін» атап өтті.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖҮРЕК КҮНІ



Жүрек-қан тамырлары аурулары әлемдегі өлім мен мүгедектіктің басты себебі болып табылады, жыл сайын олар 17 миллионнан астам адамның өмірін қияды. Осы себептің маңыздылығы мен жүрек ауруының алдын - алу рөлін ескере отырып, дүниежүзілік жүрек федерациясы алғаш рет 1999 жылы әлем бойынша жүрек күнін атап өтуді ұсынды. Аталмыш акцияны дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ЮНЕСКО және кардиологиялық қауымдастық қолдады.

2019 жылы Дүниежүзілік жүрек күні «Өмір үшін жүрек» ұранымен өтуде. Осыған орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мен қызметкерлеріне жүрек-қан тамырлар жүйесі ауруларының алдын алу шаралары туралы ақпараттандыру



және аккредитациялау бойынша акция өткізілді.

Студенттер мен қызметкерлер кардиохирург К. Абзалиев, профессор Г.Нурғалиева, кардиохирург М. Кужукеев, Г. Касенова сынды жетекші мамандарының білікті кеңестерін алды. Сонымен қатар шара барысында ҚазҰУ-дың интерндері студенттерге қан қысымын қалай дұрыс өлшеу керектігін үйретті. Ал сертификатталған жаттықтырушылары, реаниматолог дәрігерлер Г. Камалова, Ж. Абдымолдаева және симуляциялық орталықтың жетекшісі Е. Джантлеу өткізген негізгі жүрек-өкпе реанимациясы (БЛС) бойынша шеберлік сабағын өткізді.

Іс-шараның мақсаты – алдын алу шаралары мен жүрек-қан тамырлары ауруларының ерте белгілері туралы халықтың білімін арттыру. Сонымен қатар халықтың барлық топтарында, әсіресе жастар арасында коронарлық ауру мен инсульттің алдын алу бойынша кешенді шараларды бастау.

Медицина және денсаулық факультеті

В Высшей школе экономики и бизнеса прошла встреча с представителем бизнес-школы MIAS Чешского технического университета в Праге.

Бизнес-школа MIAS в КазНУ

Главный менеджер офиса по международному сотрудничеству Милош Крежи представил презентацию о деятельности Чешского технического университета, являющегося ведущим в Чехии.

Участники встречи подробно обсудили вопросы сотрудничества и договорились работать по следующим направлениям:

привлечение учёных-исследователей STU в качестве зарубежных консультантов для докторантов ВШЭиБ, участие в ежегодной летней школе MIAS Business School по инновациям и предпринимательству, возможность организации научно-исследовательской стажировки для магистрантов, подача совместных заявок на международные грантовые конкурсы, обсуждение учебных планов по образовательным программам «Инновационный менеджмент» и «Управление проектами» для дальнейшего рассмотрения вопросов по созданию дудипломной программы.

Сотрудничество с европейскими университетами в области экономики и бизнеса является частью стратегии интернационализации факультета.

Соб. корр.

ҚазҰУ-дың 4 курс студенті Ерғали Әлішер Нұр-Сұлтан қаласында өткен еркін күрестен әлем чемпионатында алтын медалін жеңіп алды

Жетістіктерге толы — 70 жас



Қазақстанға 1976 жылы оралған Құрманғали ағайымыздың одан кейінгі бүкіл өмірі еліміздің оқу ісінің майталманы, бәріміз мақтаныш тұтатын өзіміздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты! Бастапқы жылдары аналитикалық химия кафедрасы, ғылыми-техникалық ақпараттар бөлімі, коллоидтық химия кафедрасы, жоғары молекулалық қосылыстар химиясы кафедрасында әртүрлі ғылыми немесе оқытушылық қызметтер атқарып, 1987 жылдан бері жалпы және бейорганикалық химия кафедрасында 32 жыл бойы үздіксіз қызмет етіп келеді. Ұстаздық жұмыс ағайға өте ұнайды, ағайдың одан жалықпайтынын күнде көріп жүрміз, біз де сондай болсақ дейміз.

1980 жылдардан бастап Қ.Бекишев республикалық және Алматы облыстық химия олимпиадаларына қазылар алқасының мүшесі ретінде араласа бастады. Ол 1993 жылдан бастап республикалық химия олимпиадасы қазылар алқасының төрағасы, ал 1997 жылдан бастап биылға дейін республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының тапсыруы бойынша Қазақстан құрама командасының химия пәні бойынша

ғылыми жетекшісі болып келеді. Осылай негізгі оқытушылық жұмыспен қатар өмірінің жартысы дарынды балалармен жұмыс істеуге және елімізде өтетін химиялық олимпиадаларды ұйымдастыруға байланысты болды. Халықаралық химия және халықаралық Менделеев олимпиадаларына 22 жыл бойы қатысу арқасында әлемнің көптеген елдерінде, атақты қалаларында, маңдай алды университеттерінде болып, жүздеген адамдармен таныстым, кейбіреулерімен тіпті жақын дос болып кеттім дейді. Еліміздің барлық үлкен қалаларын (Семейден басқа) бірнеше реттен аралап шығыпты. Білім жетілдіру институты шақыруы арқасында Алматы облысының көптеген аудан орталықтарында немесе мектептерінде болып, химия пәні мұғалімдерімен жүздескен, пікір алмасқан. Ағай мұны да тағдырдың сыйлығы деп есептейді. «Осынша уақыт сенім білдіргендері үшін Білім және ғылым министрлігі мен «Дарын» орталығына мың да бір рахмет, мен де олардың сенімін әрқашан ақтауға тырыстым» дейді ағай.

Еліміз егемендікке қол жеткізіп, нормативтік-құқықтық документтерді қайтадан жасау басталған кезде Қ.Бекишев Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Химиялық, криминалистикалық және экологиялық экспертиза», «Химия және физика» және т.б. химиялық мамандықтарды ашу жұмыстарына көп ат салысты, олардың алғашқы стандарттарын, оқу жоспарларын (Н.Нұрахметов және А.Ниязбаевамен бірге) және кейбір пәндердің оқу бағдарламаларын орыс және қазақ тілдерінде дайындауға қатысты.

Қ.Бекишев химиялық білім беру саласында елімізге ең танымал авторлардың бірі. Химия пәні бойынша орта мектепке арнап (Н.Нұрахметов және Н.А. Заграничнаямен бірге) қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдерінде шыққан оқу-әдістемелік комплекстің ұзын саны 32 кітап құрайды. Әріптестерімен немесе шәкірттерімен біріге отырып, бұдан басқа мектеп мұғалімдеріне, ҰБТ тапсыратын талапкерлерге, химиялық олимпиадаларға дайындалуға және жоғарғы оқу

орнында оқитын студенттерге арнап тағы 20-дан астам кітап жазды және екі танымал кітапты қазақ тіліне аударды. Бұл менің елімізде химиялық білім беру саласының дамуына қосқан үлесім дейді.

Ағай менің ең жақын досым - кітап дейді. «Бұрын аптасына бір жаңа кітап оқуға тырысатынмын, қазір бір айда ең болмаса бір кітап оқуға тырысамын. Газет-журнал оқымаймын, теледидар сериалдарын қарамаймын, жаналықтарды интернеттен қарап отырамын. Көбінесе өзінді өзің дамыту, тайм – менеджмент, өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыру және басқа елдердегі өмір туралы кітаптар және мақалаларды оқуға тырысамын». Далай Ламаның өсиеті бойынша жыл сайын жазғы демалыс кезінде бұрын болмаған бір елге немесе бір жерге баруға тырысамын». Осыған дейін 50 елді аралаған ағай «қазақтар үшін Қазақстаннан жақсы жер жоқ сияқты» дейді.

Отбасы жағдайы – аяулы жары Ленинград университеті қолданбалы математика факультетін бітірген, экономика ғылымдарының кандидаты, жоғары оқу орнында доцент қызметін атқарады. Үлкен қызы – юрист, Алматыда, кіші қызы – экономист, Прага қаласында тұрады. Ағай үш немеренің бақытты атасы.

Саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнап ғылымның тұңғыш иірімдерін терең меңгерген, еңбек сүйгіш, қамқор да талапшыл, шәкірттеріне үлгі бола білген құрметті ұстазымыз – Құрманғали Батырбекұлы Бекишевті 70 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Бүгінгі мерейлі жасыңызға тағы да ұзақ ғұмыр тілей отырып, жеткен жетістіктеріңіздің бәрін - еңбегіңіздің жанғаны, мақсаттарыңыздың орындалғаны деп білеміз. Қазақстанда химиялық дидактика ғылымының дамуына қосып жатқан үлесіңіз әрдайым елеулі, табысты бола берсін! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Химия және химиялық технологиялар факультетінің 2-курс магистранттары

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі - 70 жасқа алып жетті. Жетпіс жас. Жемісті ғұмыр. Мерейлі той. Бұл сөздердің барлығы әрине педагогика ғылымдарының докторы, химия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры, Қазақстанның жоғары оқу орнының үздік оқытушысы атағының екі дүркін (2008, 2014 ж.) иегері, республикалық химия олимпиадасы қазылар алқасының 1993 жылдан бергі төрағасы, химия пәні бойынша Қазақстанның құрама командасының 1998 жылдан бері ғылыми жетекшісі, химияны оқыту әдістемесі саласы бойынша елімізге белгілі ғалым, республикалық ғылыми-әдістемелік журналдардың көпшілікке танымал белсенді авторларының бірі – Құрманғали Батырбекұлы Бекишев ағайымызға қатысты.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әр қилы. Өзінің өнегелі өмір соқпағында қаншама шәкірт тәрбиелеп, еліміздің ғылымы мен біліміне қосқан үлесі ұшан теңіз ағайымыз – Бекишев Құрманғали 1949 жылы 1 қазанда Алматы облысы Іле ауданының Октябрь селосында дүниеге келген. Ауыл мектебінде қазақша оқып, оны 1966 жылы алтын медальмен бітіріп, алдымен өзіміздің Қазақ ұлттық университетіне түсіп, екінші курстан кейін Ленинград (қазір Санкт-Петербург) университетінде жалғастырған. Зеректігін және еңбек сүйгіштігін байқаған университет ғалымдары ағайды аспирантураға қалдырған. Кім де болса өзінің ең қызықты кезеңі деп санайтын студенттік шағын, ал ағайымыз оған қоса аспиранттық шағын тек Ресейдің ғана емес, Еуропаның, тіпті дүние жүзіндегі ең әдемі қалалардың бірі Санкт-Петербуркте өткізгенін тағдырдың сыйлығы деп санайды.

ОБРАЗОВАНИЕ

Регистрация на учебную дисциплину - процедура записи обучающихся на учебные дисциплины предстоящего академического периода/года.

Регистрация дисциплин - это процесс, который проводится в КазНУ им. аль-Фараби с 2012 года. Учащиеся 1, 2 и 3 курсов всех образовательных программ бакалавриата независимо от языка обучения выбирают и регистрируют в системе «Univer» (<http://univer.kaznu.kz>) дисциплины и профессорско-преподавательский состав на осенний и весенний семестры 2019-2020 учебного года согласно основному плану при поступлении.

Для регистрации студентов деканом факультета КазНУ заранее утверждается график регистрации дисциплин во избежание форс-мажорных обстоятельств в виде нехватки компьютерного оснащения или сбоя программы при массовой регистрации студентов. Офис-регистратором согласно заранее утвержденному графику регистрации дисциплин открывается доступ к беспрепятственной работе студентов в системе «Univer». В свободное от занятий

время студентам КазНУ выделяются компьютерные классы на факультете для того, чтобы они могли свободно выбрать дисциплину, которая им интересна, а также в дальнейшем повысит уровень потенциала при трудоустройстве на работу, поступлении в магистратуру, докторантуру и разработке научно-исследовательских проектов согласно выбранному направлению.

Если рассмотреть основные положительные стороны регистрации дисциплин студентам КазНУ, то можно отметить следующее:

- повышается практическая направленность студента в учебном процессе, потенциальный интерес обучающегося, вырабатывается характерное свойство слаженно работать в команде, что немаловажно при работе в коллективе;
- стимулируется познавательная активность студентов, ритмичность их работы;
- формируется ответственное отношение и своевременность выполнения

заданий, а также в разы повышается самооценка студента;

- возникает мотивация к выполнению заданий более высокого уровня;
- снижается количество немотивированных пропусков аудиторных занятий;
- появляется возможность выбора индивидуальной образовательной тактики для студентов с различными способностями, возможностями и потребностями;
- сводятся до минимума субъективизм и непредсказуемость в оценке знаний студентов;
- устраняются экзаменационные стрессовые ситуации;
- позволяет своевременно определить основной контингент студентов, а также педагогическую нагрузку профессорско-преподавательского состава на следующий учебный год согласно основному учебному плану образовательной программы.

Анализируя сам процесс регистрации дисциплин обучающимися КазНУ, нужно

отметить ключевую роль куратора-эдвайзера студентческой группы, ведь именно он является наставником, оказывающим содействие в выборе траектории элективных дисциплин. Далее, после своевременной регистрации дисциплин учебным отделом проводится тщательный мониторинг и процесс подходит к заключительному этапу распределения педагогической нагрузки ППС. Выявляя «узкие места» и совершенствуя педагогическую метрологию, необходимо повышать эффективность рейтинговой системы, которая, безусловно, должна стать не только средством контроля за знаниями, но и средством управления профессионально-личностным развитием студентов.

А. НУРМУХАНОВА,

М. АСЕМБАЕВА,

куратор-эдвайзеры кафедры теплофизики и технической физики

Олжас Сүлейменовтің ақындық феномені – «ақиқат, шынайылық, адалдық» құндылықтарының тарихи тамырмен өзектес жырлануында. Ақын поэзиясы ақиқат арқылы сұлулықты танытады.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ – Тарихи тамырға жалғанған ақын



Ақынның поэзиясымен бірге еліміздің ұшы-қиырсыз даласын, әлемді шарлайсың.

Олжас Сүлейменовтің осы кезге дейін жарық көрген жиырмадан астам өлеңдер жинағы бар. Әр өлеңі ақынның тарихи, ғылыми, көркем рухани ізденістерінің нәтижесін танытады. Ақынның ерекшелігі – еркіндігінде, ой ауқымдылығында.

Осы стильді поэзия құрылымынан да көре аламыз. Ақын поэзиясы арқылы қазақ халқының өткені, бүгінгісі және болашағын суреттеген. Өткенді сезініп, болашақты болжайды. Шығармалары қазақ халқының тамырының, дәстүрінің тереңдігін, рухының бекем екендігін әлемге танытты. Поэзиясы әрбір азаматты жігерлендіріп, қайрат-күш береді. Өршіл жырларын еуропалық үлгідегі қазіргі заманғы поэзияның керемет бояуларымен үндестіре білді.

Әрине, ақынның бір өлеңі арқылы поэзиясына баға беру мүмкін емес. Оның әр өлеңі бір-бірін толықтырып тұрған тұтас жыр тәрізді.

Олжас Сүлейменовтің «суреткер мен уақыт» тақырыбы көп көңіл бөлетін мәңгілік сарын болып табылады. Мысалы «Арғымақ», «Құмырсқа», «Махамбет» «Кактус», «Түнгі салыстыру» және т.б. атты туындылары тарихи естелік және өмір жайлы толғамға тұнып тұр.

Олжас Сүлейменов шығармашылығының терең түбіне бармай космополиттік «жалған сананың» жетегінде кетті, қарама-қайшылық ақыны – деген пікірлер де айтылып жатады. Олжас Сүлейменов кең ғаламдық ойдың ақыны. Ақынның өлеңдері кең ауқымды түрде жазылған туындылар. Ақын өлеңдерін түсіну үшін

атты алдыңғы кітаптары жуырда жарық көрген «Этимология оқулығының» – алғы бастаулары. Оның «1001» сөз атты орыс тіліндегі түркізмдер сөздігіне кіріскеніне 40 жылдан асты. «Өмірімнің басты кітабы «1001 сөз» болатынын сезгендіктен де асығуымның жөні жоқ», – дейді екен ақынның өзі.

Бұл оқулық арқылы ғалым ең алдымен тарихи факторлармен санаса отырып, түркі сөз төркінін зерттеп ғасырдан-ғасырға тарайтын жазба тарихын жасады.

О. Сүлейменовтің: «Келешек тіл білімінің негізгі нәтижелерінің бірі – әрбір сөз белгілі бір жүйенің – морфологиялық, семантикалық немесе фонетикалық жүйенің де туындысы: әрбір сөз – бұл туыстас сөздер семьясының мүшесі» – деген тұжырымы елеулі жаңалық болып табылады.

Этимологиялық зерттеулердің қай түрі болсын, қандай тілге бағытталмасын ғылыми тұрғыдан үш түрлі, атап айтқанда, фонетикалық, морфологиялық және семантикалық принцип-критерийге сүйенуі шарт. Сөз төркінін дұрыс та дәл анықтаудың нәтижелі тәсілі болып саналатын бұл принцип-критерийлер жалпы түрде емес, нақтылы тілдердің өзіндік ерекшеліктері мен сол тілдердің қалыптасу, даму заңдылықтары негізінде қолданылады.

Екіншіден, О. Сүлейменов алдыңғы зерттеулерге сүйенбей, өз бетінше зерттеулер жасады. Тарихи-салыстырма тәсілін пайдалана отырып, герман, славян, Еуропа, шумер тілдеріндегі таңба, сөздердің жасалу схемасын көрсете отырып, туыстас бір тілге бағындыруға тырысты.

Үшіншіден, қазақ тілінің сөздік қорын тазалайды, сөз тарихымыз айқындалады. Этимология саласының болашақ мамандарын даярлайды. Болашақта этимология кафедрасының ашылуына жол салады.

Қорыта айтқанда, Олжас Сүлейменов қазақ ғылымына тілтанушы ретінде елеулі жаңалық әкеліп, мол үлес қосты. Ежелгі көне түркі, орыс, славян тілдерінің өзара байланысын зерттеді. Бұл еңбектері славян халықтарының тарихы мен мәдениетіндегі түріктердің көрнекті рөлін көрсетті.

**Алтынай АСҚАРОВА,
Шоқан ШОРТАНБАЕВ**

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барша үлес қосып келеді. Осыған орай Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Мен сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену кезеңі. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңдер», – деген сөзді мемлекет пен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екендігін айқындайды.



қалыптасуына жан-жақты жағдайлар жасалуда. Оларды оқыту әдістерін таңдау көптеген факторлармен білім берудің маңызды мақсаттарымен, оқу курсының ерекшеліктерімен, сабақтың мақсатымен, студенттердің мүмкіндігімен, қолда бар оқу құралдары және уақытпен, оқытушы қолданатын дидактикалық материалдардың ерекшеліктерімен сабақтастырыла отырып жүргізіледі. Сонымен қатар, біздің ұжымда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті туралы ереже, студенттердің

ар-намыс кодексі қызу талқыға салынып, олардың өз міндеттерін әрдайым есте ұстауға, академиялық нормаларды бұзылушылыққа жол бермеуге бағыт-бағдар беріліп отырады.

Бүгін елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөледі. Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы – оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындағын аңғартады. Олай болса, еліміздің ертеңгі болашағы жастардың бүгіннен бастап, қандай тәрбие

алуы мен отан сүйгіштік қасиеттің дамуы аса маңызды. Ең әуелі жастар бойында рухани адамгершілік, саяси сауаттылық, құқықтық тәрбие басым болғаны жөн. Қазіргі таңда мемлекеттік деңгейдегі форумдарда белсенді қазақ жастарының басы қосылып, жұртшылық алдында сөз сөйлеген жастарымыз ұлтаралық татулық пен қазақ халқының мәдени және тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып жатқандығы көңіл қуантарлық жағдай.

Жоғары оқу орнында, әсіресе әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінде жастарға сапалы білім беруге, олардың тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Қазіргі заманғы жастар қай қоғамда да адамгершілік, мейірімділік, әділдік, шыдамдылық секілді адами құндылықтарды басты орынға қойса, нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – белсенді жастардың қолында дейтін болсақ, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Жастар салауатты өмір салтын ұстанып, мемлекеттің индустриялық-инновациялық дамуына өз үлесін қосса, қоғамға пайдасын тигізіп, сапалы, терең білім алуды басты міндетіне айналдырса, онда келешегіміз кемел болары сөзсіз.

**С. РОМАНОВА,
Р. РЫСҚАЛИЕВА,
химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары**

ҚазҰУ-дың студенттері Erasmus+ бағдарламасы аясында Радбауд университетінің (Нидерланды) жазғы мектебінде болып қайтты

**Қазақ тіл білімі кафедрасы
қазақ филологиясы мамандығы
студенттерімен «Туған
тілім-тұғырым» атты ашық
кураторлық сағат өтті.**

Туған тілім – тұғырым



Болашақ жас ғалымдарға үлгілі ашық кураторлық сабақ өткізуіміз бірден бір дәлелі десек артық болмас.

Ашық сабаққа белсенді болып қатысып, өздерінің ғылыми тәжірибелерімен де бөліскен қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., доктор А. Тымболова, ф.ғ.к., доцент С. Иманқұлова мен Ж.Абдрахманова қатысты. Ашық куратор-

лық сабақ студенттерге маңызы зор, білімі терең, жақсы әсер қалдырды.

Бұған қоса «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дей тұрып білімді де білгір шәкірт тәрбиелеу ұстаздан басталары сөзсіз. «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне

апат әкеледі» деп ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби айтып кеткендей әрбір мейрамдарда, соның ішінде келе жатқан «Ұстаздар күніне» байланысты да өзіміздің кураторлық тобымен ұйымдастырып жатқан іс-шараларымыздың да саны аз емес.

Факультет болып, кафедра болып ұйымдастырып жатқан концерттерімізге дайындық жоғарғы деңгейде десем артық болмас. Өскелең ұрпақты биік мақсаттарға жетелеу, өз бойында бүкіл адамзаттық құндылықтарды жинақтаған, өз өміріне өзі басшылық жасап, өзін-өзі дамытатын тұлғаны тәрбиелеу-бүгінгі білім беру ұйымдарының, ғұлама ұстаздарымыздың алдына қойған міндеттерінің бірі. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып бар ғұмырын білім берумен, тәрбие беруге арнаған ұстаздар қауымын мерекелерімен шын жүректен құттықтап Шәкірттеріңіз биік шыңдардан көрініп, еңбектеріңіз ақтала берсін дегім келеді!

Анар АШИРОВА,

қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Бостандық аудандық денсаулық сақтау басқармасы, сіздерді аудандағы тұмауға қарсы алдын алу шаралардың бірі - халықты жаппай тұмауға қарсы егу жұмыстары басталғанын хабар етеді.

Тұмауға қарсы екпенің көмегі көп



Фото: pikabu.ru

жағдайы төмен, жүрек, өкпе, бүйрек, эндокриндық және орталық жүйке жүйесі ақаулары барадамдар. Сонымен қатар жүктілікті жоспарлайтын әйел азаматтары, өйткені, жүктілікке дейінгі немесе жүктіліктің алғашқы 2-3 айлығында алуы дұрыс, өйткені тұмаумен ауырған жүкті әйелдердің қажетсіз асқынуымен қатар, түсікке немесе нәрестенің денсаулығының ақауларына алып келуі мүмкін.

Осы аталған топқа қатысты болсаңыз, аудандағы бүгінгі күні

тегін екпе жүргізіліп отырған емханаларға тұрғылықты мекен жайыңыз бойынша қаралуыңызға болады. Сонымен қатар тұмауға қарсы екпе алу қажет топтар болып көпшілік жерде жұмыс істейтін қызметкерлер (тәрбиешілер, мұғалімдер, дәрігерлер, сатушылар, сонымен қатар ірі мекеме қызметкерлері) жатады.

Тұмауға қарсы арнайы екпені күзде, кезеңдік аурушылдық деңгейі көтерілуі алдында жүргізіледі.

Тұмауға қарсы екпе арнайы

медицина мекемелерінде, жауапты медицина қызметкерлерімен, рұқсат қағазы бар, арнайы бөлмеде, барлық төтенше жағдайларға дайындық жиынтығы бар, алғашқы көмек көрсетуге дайын, егу алдында дәрігер қарауымен жүргізілуі тиіс.

Тұмауға қарсы жүргізілген бір ғана екпеден кейін, адам ағзасында тұмауға қарсы төзімділіктің, 14 күн аралығында пайда болып, бір жыл аралығында сақталады.

Тұмауға қарсы егілген адамның тұмаумен ауырып қалуы, егілмеген адамнан 3-4 есе төмен.

Ал егерде тұмауға қарсы егіліп, ауырып қалсаңыз, онда аурушылдықты төмен түрде және асқынусыз өтеді.

Егер сізде, қандайда бір сұрақ туындаса, Бостандық аудандық денсаулық сақтау басқармасының эпидемиологиялық бақылау мамандарынан келесі байланыс телефондарымен кеңес алуыңызға болады: 274-55-72, 274-49-44.

Өз денсаулығыңызға немқұрайлы қарамай, қазірден бастап екпе алу мүмкіндігін қолға алыңыз!

Егор Таркинский,

Бостандық аудандық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысы; Меруерт Жансеитова, эпидемиологиялық қадағалау бөлімі басшысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №1476

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.